

## **Көсембай негізгі мектебі**

**Қалиева Бұлбұл Сенбайқызы**

**Уақыты:** қаңтар

**Тақырыбы:** Атайдың асқақ жыршысы.

**Мақсаты:** жазушы Оралхан Бөкейдің өмірі мен шығармашылы туралы мағлұмат беру, туған жерге деген мақтаныш сүйіспеншілік сезімдерін қалыптастыру, жазушының шығармалары арқылы адамгершілікке, жауапкершілікке, барлық жақсы қасиеттерге тәрбиелеу, әдеби кітап оқуға тарту.

**Көрнекілігі:** Кітап көрмесі, суреттер, қанатты сөздер, слайд.

**Түрі:** әдеби –компазициялық кеш

**Ұйымдастыру:**

**Кітапханашы:**

Алтай тауының, Мұзтаудың, Кербұғының суреттерін көрсете отырып бүгінгі тақырыпты ашу. Жазушының бұл суреттерге қандай қатысы бар?

«Алтайдың асқақ жыршысы» атты Оралхан Бөкей шығармашылығына арналған әдеби кешімізді бастаймыз. Мәңгілік ақ қар жамылған асқар шыңдары, ал етегінде ағысы асаудай тулап жатқан Бұқтырма өзені бар, қазақ Алтайының киелі топырағында дүниеге келіп, аса дарынды талантымен барша қауымды таңғалдырған, Қатонқарағай ауданының «Құрметті азаматы», Қазақ ССР Мемлекеттік Абай сыйлығының, Н.Островский атындағы Бүкілодақтық әдеби сыйлықтың, «Молодая гвардия» «Жалын» баспалары сыйлығының лауреаты, «Құрмет белгісі» орденінің иегері жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына биыл 80 жыл толып отыр.

**Ұлы Отан соғысына қатысқан, ардагер жазушы Қасым Қайсенов:**

Оралхан өзі туған табиғатына ұқсас еді. Алтайдай асқақ, оның оқ жетпес құзар шыңдарындай биік еді! Заңғар тауларынан құлап аққан өзендеріндей тасқын еді. Тауларының сілемдерін жайлаған ерке еліктеріндей елгезек еді. Өркеш - өркеш тастарындай ірі еді. Қалам сілтеген алыптардың бірі еді. Шығыстан жарқырап шыққан жұлдыз еді», -деп баға береді.

**1-бөлім «Талант –тегінен» айдары. «Танымал адамдар» кітабынан**

*(Оқушыларды шеңбер бойына тұрғызып дауыстап оқыту)*

- Оралхан Бөкей 1943 жылдың 28 қыркүйегінде Шығыс Қазақстан облысы, Қатонқарағай ауданының Шыңғыстай ауылында дүниеге келген. Әкесі Бөкей көп сөйлемейтін, сөйлей қалса сөзі өткір, қанжардай қиып түсетін, сөзге шешен, рухы мықты, жаны таза адам болған. Анасы Күлия көреген, ділмар, аузын ашса көмейі көрінетін ашық кісі болған. Керемет даусы бар әнші, өлең шығаратын қасиеті де болыпты. Отбасында жалғыз ұл Оралхан және Шолпан, Әймен, Ләззат, Мәншүк, Ғалия атты бес қыз болған. Оралхан дүниеге келгенде соғыс жылдары болғандықтан, әкесі Орал қаласына еңбек майданына аттанған кез екен. Анасы Күлия әкесі еңбек майданынан аман – есен оралсын деп ырымдап, сәбидің атын Оралхан деп қойыпты.
- Оралханның әдебиетке бейімділігі оқушы кезінде-ақ көріне бастаған. Ол әдеби кітаптарды өте көп оқып, бейнелеп, шешен сөйлеуге бейім, жүріс-тұрысы тиянақты, өзгелерге сын көзбен қарайтын, қауып та, тауып та сөйлейтін, көпшіл болған. Осындай ерекшелігін байқаған ұстаздары оны оқушылардың комсомол комитетінің хатшысы, қабырға газетінің редакторы етіп сайлаған. Оралхан оқушылар арасында көркем әдебиеттер конференциясын өткізіп, онда өзі оқыған кітаптарындағы кейіпкерлер туралы үнемі сипаттама жасап тұрған.
- Ауылдағы шағын клубта әдеби кештерді жиі өткізген. Қазақ жазушыларының ішінде Сұлтанмахмұт пен Бейімбетті қатты пір тұтқан. Өзінің алғашқы «Сарыарқаның әңгімесі» атты

шығармасын Сұлтанмахмұтқа арнаса, «Шұғаның белгісін» талай алқалы топта тебіреніп тұрып, жатқа оқығанын көрген куәгерлер әлі күнге жыр қып айтады.

- Оралхан мектепте оқып жүрген кезінен-ақ өзінің журналист, жазушы болғысы келетінін айтқан. Мектеп бітіру кешінде жиылған ата-аналармен мұғалімдер алдында:  
«Көкшетау асқан сұлу болса, одан шыққан ақын, жазушылар одан әрі сұлуландырды. Біздің Өр Алтайдың сұлулығы одан әсте кем емес. Мен Алтайдың сұлу табиғатын, сарқылмас байлығын танытуды мақсат етемін. Сондықтан да мен жазушы болуды армандаймын. Адам арманын алдына мақсат етіп қойса, оған жетуге тиісті. Мен де мақсатыма жетемін деп сенемін» -, деген екен.  
Арманының алысқа жетелегені де рас, жетелеп қана қоймай, сол арманының шыңына шыққаны да рас. Ал қарындасы Ғалия ағасының: «Егер жазушы болмасам, әйтеуір өнер адамы болар едім» дегенін, оның гармонияда жақсы ойнағанын, әдемі қоңыр дауысымен әнді нақышына келтіре, беріле орындайтынын естеліктерінде жазған.
- Оралхан Бөкей жастайынан үйлеріне келген қонақтардың әңгімесіне ылғи құлақ түріп, көкірегіне түйе берген екен. «Ел іші – өнер кеніші» екенін ылғи жадында ұстаған қаламгер кейін өзі атақты жазушы атанып, кітаптары бірінен соң бірі шығып жатқан кезде де осы әдетінен жаңылмапты. Тіпті қарындасы Ғалиядан үйге келген қариялардың аузынан шыққан мақал – мәтелдерді жазып отыруды өтінген екен.
- Жазушы бала кезінен сұлулыққа құмар, сәнқой болыпты. Дүкеннен алған киімдерді тігіншілерге сөктіріп, өз бойына лайықтап қайта тіккізетін болған. Оралхан Бөкей алғашында Алматы қаласындағы Құрманғазы атындағы консерваторияның актерлік мамандығы бөліміне түседі. Алайда жалғыз ұлдарының әртіс болғанын қаламаған ата-анасы оны бір жылдан соң оқудан шығарып алады. Одан соң Оралхан ауылында тракторшы болады.
- Әдебиетке өзіндік өрнегін сала келген қаламгер оқырманын өзгеге ұқсамайтын қолтаңбасымен таңғалдырды. 1970 жылы Алматыда жарық көрген «Қамшыгер» атты тұңғыш повесттер мен әңгімелер жинағы ерекше үнімен оқырмандарды елең еткізді. «Үркер» (1973ж) «Қайдасың қасқа құлыным» (1975ж) «Мұзтау» жинақтарын шығарды. Пьесаларын жазды. Жазушының көлемді шығармаларын айтпай, кез-келген шағын әңгімелерінде де туған жеріне, тіпті оның әр түп ағашына деген ыстық сағынышы атойлап тұрады. Шығармаларының әр тармағынан туған жерге ілтипаты танылады. Туған жері-Алтайдың сұлулығын, тәкәппарлығын, асқақтығын қара сөзбен жырлаған жазушы, қамшы сабындай қысқа ғана ғұмырында өзін де туған әдебиетін де осындай асқар асуға шығарып үлгерді. Оның шығармаларындағы кейіпкерлер-ауыл адамдары-қойшылар, жылқышылар, бұғы өсірушілер, диқандар, орманшылар, ересектер мен жастар. Олар бітім болмысы кіршіксіз, пәк ниетті рухани дүниелері бай адамдар. Олар қиындыққа төзімді, өздеріне сенімді, адал да аңғал, ақ жүректі, кең пейілді адамдар. «Сайтан көпір» повесіндегі мұз құрсауға түсіп қалған Аспан, «Ән салады шағылдар» повесіндегі қой отарын сұрапылдан аман сақтайтын шопан «Қар қызы» повесіндегі ержүрек жас тракторшылар өз бейнелерінің биік парасатымен дараланатын тұлғалар.
- **Қарындасына берген соңғы тапсырма**  
«Ол өнер туралы көп жазды. Ағамның өмірі өнердің әр саласымен тығыз байланысты болды. «Ол өнер туралы көп жазды. Ағамның кейін «Құлыным менің», «Қар қызы», «Текетірес», «Мен сізден қорқамын» атты драмалық шығармалары Алматыдағы екі театрда кезегімен қойылды. Актер, режиссерлермен де дос болып кетті. Олар туралы да жазды. 1993 жылдың сәуір айы еді. Ағамның үйіне бардым. Ардақ жеңгем үйде жоқ екен. Ағам біртүрлі көңілсіздеу секілді. Мені жазу үстелінің қасына шақырып: «Мына очерктер мен эсселерімді жинақтап, іріктеп баспаға әзірлеп қойдым. «Өнерге өлердей-ақ ғашық едім» деп, екі бөлімге бөліп, біріншісін – «Неткен ғажап дүние», екіншісін – «Өнерім – өмірім» деген айдар қойып, әр бөлімге

кіретін материалдарды бөліп қойдым. Енді тек «Менің пірім – Қаракөз», «Тау басында үшеу тұр» эсселерін қосу керек. Соны тауып қой», – деді. Бұл – маған берілген соңғы тапсырма екен...». Жазушы ұл-қызды болғанда, солардың тәрбиесіне мән беру мақсатында жазу үстеліне отырмай кетіпті. Тек өмірінің соңғы жылында біршама дүниелерді бастап қояды. Бірақ сұм ажал жазушының жоспарын күл-талқан етті.

- **«Жетпіске жетсем» деген арманы жеткізбей кетті...**

Оралхан Бөкей 1993 жылдың 17 мамырында Үндістанның Дели қаласында іс-сапарда жүрген уақытында көз жұмған. Қарт Алтайдың Қатонқарағайында дүниеге келген қаламгер сонау қиян шеттегі Үндістанның Делиінің «Тәжмахал» қонақ үйіндегі оңаша бөлмеде жапа-жалғыз сапарлас серіктеріне де жалғыз ауыз сөз айтпай, жым-жырт қалыпта, бақилық болған. Жазушының денсаулығы жиі сыр беріп, оған дейін көп рет ем қабылдаған екен. Тағы бір дереккөздерде өкпесінің сырқаты туралы айтылады.

- Жазушы Д. Исабеков «Оралхан Бөкей... Осы бір есім қазақ әдебиетінде небәрі 25-26 жыл ғана өмір сүріпті. Сол аз ғана ғұмырдың ішінде ол туған әдебиетінің аспанында құс жолындай айқын із қалдырды» деп жазған еді.

Оның шығармалары орыс, ағылшын, француз, неміс, жапон, венгр, араб, қытай т.б. көптеген халықтар тілдеріне аударылған.

Республикалық «ЖҰЛДЫЗ» журналы, «Қазақ әдебиеті» газетінде бас редакторлық қызметтерді абыроймен, халықпен етене араласып, қалтқысыз еңбек етті.

## **2- бөлім . Достық қымбат өмірде**

1)Балалар достық деген ұғымды қалай түсінеміз ?

2)Достық неден туындайды?

3)Адал дос қандай болады?

Достық- адамдардың бір- бірін жаны қалап, шын жақын көріп, қалтқысыз сеніп, тілектес, мұраттас болуы.

### **Достың төрт түрі.**

Көпті көрген, өмірден түйгені көп бір данагөй қариядан сұрапты.

- Осы, достың қанша түрі болады?

- Төрт түрі бар депті қария.

Бір достар бар – ТАМАҚ сияқты, күнде керек етіп тұрасың.

Тағы бір дос бар – ДӘРІ сияқты, өзіңді жайсыз сезініп, қиналғанда іздейсің.

Енді бір досты ДЕРТ деуге болады, ол сені іздеп келіп өзі жабысады.

Бірақ, бәрі жабылып АУА сияқты досқа жетпейді – оның жасағандары көрінбейді, бірақ қай кезде болмасын, қасыңнан табылады. Осындай достарыңыз бар ма?

О.Бөкейдің өздері Қайкен деп атап кеткен Қайыпжомарт Жұртбаев деген досына арнап жазған очеркінен үзінді тыңдаңыздар.

### **Әдеби -композиция**

#### **1-оқушы Бекарыс**

Айқай-жаңғырық.

Айқай-жаңғырыққа тең. Ал жаңғырықтан біздер, біздің іс-әрекетіміз, ой-мақсатымыз, тіпті бүкіл дүние, күллі адамзаттың барлық тіршілігі, өмірінің мән-мағынасы жаратылғандай. «Жұмыр жердің бетін төрт миллиардтан астам адамның аяғы таптап, дүниені өз айқайларымен күңіретіп жүр. Тек жердің астындағыларда үн жоқ. Егер Құдайдың құдіретімен сол өлілер қайтып оралса, бұл жалғаннан үн-түнсіз, жым-жырт өтуді тірілерге үйретер екіншісі бұзбай, жылқының жусанғанындай,

бейбіт те берекелі өмір орнатар ма еді, қайтер еді, егер аруақтар зәуде қайтып оралса... (шіркін-ай, қайтіп оралса) дүниедегі сансыз сұмдықтың бет пердесі ашылып, БІЗДЕР ұяттың отына өртеніп кетер едік-ау... Амал қайсы, ОЛАР ешқашан да, ешқашан да қайтып келмейді. Сондықтан да кеңірдегіміз жыртылғанша АЙҚАЙЛАЙЫҚ! Өйткені, АЙҚАЙСЫЗ дүние тұл.

Айқайлау дегеніміз-өмір сүру.

## **2-оқушы: Мадина**

Ақ көбік қардан аққала жасап ойнаған, бала досым.

Сеннен менің артықтығым қайсы? Аспанымыз бір, бірақ сен менен гөрі тазарақ ауамен тыныстайсың. Сен менен гөрі тазарақ қарды басасың. Сібірдің бетінді сүйіп ойнайтын сарышұнақ аязын жібер маған. Сен маған соғым етін, құрт-май емес қос уыстап тұрып асайтын ақша қар, алқа тағып ойнайтын мұзмоншақ жолда. Мен сені сағындым.

## **3-оқушы Ернияз**

Мен сенімен «ДТ-54»-те көмекші болып жүріп, алғаш рет еңбектің қадірін түсіндім. Екеуміз даң құрдас болсақ та, көпті көрген көпшіл адамдай, осы күнге дейін ұшып-қонып жүрген менен әлдеқайда салмақты едің. Жап-жалпақ бетіңе жапсыра салған қоңқақ мұрының әлі көз алдымда. Әсіресе, шопандарға сүрлем тасып жүріп, Бұқтырманның көк тайғақ мұзы трактордың салмағына шыдай алмай, опырылып түсіп кеткенде қантардың ақырған аязына қарамай, белуардан кешкен суық су естен әсте кетер ме? Сонда аяғымызға қатып қалған пиманы пышақпен тіліп алды ғой, есінде ме?

## **4-оқушы Шұғыла**

Кеше түсіме кірдің: қасыңда «қара айғырын», Жалғызтөбені тіркеуге алып сүйреп барады екенсің. Астында айдаһар бар деп қорқатын алып тауды Толағайдай шырқ иіресің... Трактордың тойымы жоқ мешкей шанасына шөп тиегенде алдыңа жан салмайтынсың. Ал мен әлжуаз, босаңдау едім ғой. Әбден май сіңіп, темір арқан жаралаған, тарбиған қолдарыңның, үнемі дәл размер таба алмай жүретін талас аяғын тек еңбек үшін жаралғандай еді. Кейде ойлаймын: түртпекке төзе алмай, кеш келген ауылға бүгін қайта қалсам, сөз жоқ, адаспай сені табар едім. Бірақ сен мені көмекшіге ала қояр ма едің? Ақ саусақтанып кеттім ғой. Бірақ еңбектен жаратылған адам еңбектенгеннен қорықпаса керек.

## **5-оқушы Мейрамбек**

Ақша қардан аққала жасап ойнаған, бала досым.

Мен сені күзде көрдім. Бөлімше еңбеккерлерінің жалпы жиналысы болып, ауыл шаруашылығы озаттарының ортасынан елегізіп сені тостым. Жоқсың. Сенен жақсы да, жаман да кейбірі радиоқабылдағыш, кейбірі бес-он сомнан алып жатты. Жоқсың. Мен білем ғой, бұл совхозға еңбегі сендей сіңген кім бар еді? Айыбың-жуастығың шығар. Өне, сен сахнаға шықтың. Қалтаңнан бес сомдық көк қағазды алдың, жұртқа көрсетіп тұрып, ортасынан қақ айырдың. «Қайыпжомарт Жұртбаев та жаман қимылдаған жоқ» деп, бес сомды атай салсаңдар төбем көкке жетпей ме? «Орамал тонға емес, жолға жарамай ма?» Сен жас балаша, баяғыдай еңіреп жыладың. Жайтақ ауызым менің, қазан басым менің, жүрегің қандай дарқан болса, көңілің сондай бос екен-ау... Жыламашы.

## **6-оқушы Кәусар**

Ақ көбік қардан аққала жасап ойнаған, бала досым-ау.

Ертеңінде мен қатты кейідім. Қартайған әке-шешеме жақсылық жасау қолымнан келмегеніне өкіндім. Әкем айтты:

-Мен-қырық жыл коммунистпін. Сен-екі жылдан, ал апайың үш жылдан бері комунист. Біз-коммунистер семьясымыз. Бірақ пайдасы қане... Бірақ бөлімше басшылары да партия мүшесі ғой, неге ғана менің осы ауылға елу жыл сіңірген еңбегімді ескермейді. Сонау иек артпада тұрған екі мая шөпті жеткізіп алуға он рет бардым сақалды басыммен. Бір сағатқа трактор босатпады.

Сонда мен сонау бір шақта тракторды тастап, жазумен шұғылданып кеткеніме өкіндім де. Сонда екі өкпемді қолыма алып, зыр жүгіріп, саған бардым. Бөлімше басшылары естіп қоймасын, екеуіміз түн ортасында ұрланып әкемнің шөбін әкелдік. Сонда темір тұтқаға қолым қайта тиіп, сенің мәңгі достық отыңа жылындым.

### **7-оқушы Айдана**

Ақша қардан аққала жасап ойнаған, досым-ау.

Сенің сегізінші кластан соң оқымағаның ауру шешене қолғабыс жасау қрек болды. Қабарғаң қатып, бұғанаң бекімей, қолыңды күрек қажады. Есіңде шығар, Катондағы тракторшылар даярлайтын курста бірге оқыдық. Ең қызығы орта білімі бар менен әлдеқайда озық оқып едің. Сонда 25 шақырымдық қашықтықтағы ауылға жаяу қайтып жүрдік. Сонда алдымызда сайрап жатқан қасқа жол сонау көкжиекке сіңіп, аспанға жетелейтін. Мынау жолдың өмір бақи да таусылмауын, ал екеуіміз дәл осылай қатар аяңдап, ертеңімізге ендікпей жетуді іштей тілер едік. Өмірдің қоңыржай самалы, айналамызды күрегейлеген алып таулар, аластан сарыны талып жететін сансыз тау өзендері, ашық аспан-бәрі де қай-қайдағы қиялға шомылдырып, әлі жолықтырмаған жан-жарымызды ойға оралтатын. Содан бері қаншама іңір іріді, қаншама жол жүрдік, сен әлі бойдақсың. Сен айтатынсың: «Оқтан емес, гүлден де қорқа білу керек». Айтшы, ізгі ниетті кәрі бойдағым, «Сенің жұлдызың әлі туған жоқ па, әлде қолың тимей жүр ме?»

### **8-оқушы Бейбарыс**

Есіңе алшы, екеуіміз Огневка деген жерге шөп алуға барып, қасат қарды қақ жарып, тау асып жолға шықтық. Тракторға тиген екі мая шөбіміз бар. Біз Жаңа жылды үйде қарсы алуға асықтық та. Айдалада, аппақ алып таулардың ортасында, трактордың сұп-суық кабинасында 1964 жылмен жүздестік. Біз дәл сағат 12-де трактордың газын шыңғыртып, ұзақ бастық. Сонсоң жерге қарғып түсіп аппақ қарды қаба асадық. Сөйтіп, келер жылғы шат тілек, ыстық жүрекпен аттандық. Бірақ мен содан кейін жаңа жылды жол үстінде қарсы алып көргенім жоқ. Ал сен болсаң, бәлкім, дәл қазір қара тұлпарыңды пысқыртып, ақшағыл тауға-арман асуына өрлеп бара ма екенсің...

### **9-оқушы Жанель**

Ақ көбік қардан аққала жасап ойнаған, досым-ау.

Айтшы, Алматыға жолың қашан түседі? Мен саған, бірі ұзын, бірі қысқа көйлек киген қырмызы қыздарды, бірінің бөркін бірі тартып киген ұлдарды, көкке өрлеген зәулім үйлерді көрсетіп, опера мен балетке ертіп барар едім. Екеуіміз Көктөбенің басына шығып, баяғы көрген қиындықтың бәрін бір күнгі қызыққа айырбастап, жасасын өмір, жасасын бетін күн қаққан қарапайым адамдар!,-деп жар салар едік.

Қауға бас құрдасым менің, бүгін-Жаңа жыл. Сен қай жерде, не істеп отыр екенсің? Әлде балғанды тықылдатып, шынжыр табаның шығып кеткен саусағын қағып, әлде аппақ қарды қақ жарып, аспанға өрлеп барамысың?

Оу, бір жыл туған төл, бір тракторға мінген қапсағай бойлы, Қайкенім! Бұл очерк саған берген сыйлығым болсын. Сағындым, жайтаң ауыз, кірпі бас досым менің.

### **Америкалық киноактер, режиссер, сценарист, қытайдың үздік спрот шебері: Брюс Лидің:**

Нағыз шынайы достар алмас сияқты аса қымбат әрі сирек кездеседі. Жалған достар күзгі жапырақ тәрізді аяқтың астында жатады.

**Сергіту сәті. Айбек Қайбулла «Менің досым» әні.**

### **3- бөлім. Қара сөзден – нақыл сөзге.**

Оралхан Бөкейдің бір – бірінен бөліп қарауға келмейтін шығармаларының барлығына тоқталу мүмкін емес. Қазақта мақал-мәтелдер баршылық қой, сонда да ойға жүйрік Оралханның кейбіреуі мәтелге айналып кеткен сөздері бар. Оларды қара сөз деп айтуға болады. Өйткені ол тауып айтылған тапқыр сөз, бұра тартпас дәлелімен тамсандырып, таңдай қақтыратын білгір – білімді сөз, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін жеткізетін терең мағыналы сөз.

*1. Алыстап кетсе сағынатын, жақындап кетсе қағынатын ағайын.*

*2. Түйе мінген құдайға бір табан жақын.*

*3. Байдың итіне дейін дөңге шығып үреді.*

*4. Кісі заманына қарап түлейді.*

*5. Кедейге қыз жақпайды.*

*6. Жамандықтан құтылудың жолы - сол жамандықтың батпағын кешіп жүріп күресу.*

**Қорытынды:** Туған өлкесіне қара сөздің жауһарынан мәңгі ескерткіш орнатқан «Мұзтаудың мұзбалағы», «Алтайдың Кербұғысы» атанған О.Бөкей атындағы көркемсөз оқу шеберлерінің байқауы жылда өткізіледі. Өскемен қаласының орталығында қаламгердің мүсіні, ал Қатонқарағайда ескерткіш орнатылған, мұражайлары жаңғыртылды. О.Бөкей атында Астана, Алматы, Қызылорда, Өскемен қалаларында және республиканың көптеген аудандарында көше аттары бар. Облысымызда төрт мектеп О.Бөкей атымен аталады. Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінде О.Бөкей атындағы атаулы шәкіртақы тағайындалған.

Оның әр шығармасынан тұмса табиғат пен адамзат баласының қарым-қатынасы көрінеді. Ол табиғат заңдылықтарын көркем әдебиетке енгізе білді. Ол қысқа ғұмырында классикалық тың туындылар қалдырды. Ол – Оралхан Бөкей. Көзі тірі болса, 73 жасқа толар еді...

Көрінуші ең көнелердің көзіндей,  
Жазғандарың қара өлеңнің сөзіндей.  
Асқақ едің, атақты едің, нар едің,  
Туған өлкең – өр Алтайдың өзіндей!  
Өр едің, өр Алтайдың, тірегім ең,  
Айырлды қазақ сендей түлегінен.  
Өзінді қастерлеген туған елдің,  
Жатырсың орын алып жүрегінен.  
Жататын араласып үміт – қайғы,  
Қапыда тағдыр жолы тұйықталды.  
Оралхан деген аттың орны бөлек,  
Ел – Ана! Сені ешқашан үмітпайды.!

Осымен бүгінгі кеш өз мәресіне жетті. Оралханды оқып жүрініздер!



Нравится meiramgul.kalieva и ещё 7

kitaphana\_knm Туған өлкесіне қара сөздің жауһарынан мәңгі ескерткіш орнатқан "Мұзтаудың мұзбалағы", "Алтайдың Кербұғысы" атанған жазушы Оралхан Бөкейдің 80 жылдығына орай "Алтайдың асқақ жыршысы" атты әдеби композицияға құрылған кеш өтті. Мақсаты: Оралхан Бөкей өмірі мен шығармашылығы туралы мағлұмат беру, туған жерге деген сүйіспеншілік сезімдерін қалыптастыру, жазушының шығармалары арқылы адамгершілікке, жауапкершілікке, барлық жақсы қасиеттерге тәрбиелеу, шынайы достықты құрметтеуге, әдеби кітап оқуға тарту. Ұйымдастырушы: Қалиева Бұлбұл Сенбайқызы. @medetbekovameruert @oqu\_agartu\_ministrigi @gani.beisembayev @aqtobe\_bilim\_basqarmasy @oiyl\_bilim\_bolimi #біртутас\_тарбие\_актебеоблысы\_ысы #біртутастарбиебағдарламасы #досболке #досболайык

3 февраля · Показать перевод